

Порттың міндетті көрсететін қызметтерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 75 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 сәуірде № 10868 тіркелді

«Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Порттың міндетті көрсететін қызметтерінің тізбесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі *Ә. Исекешев*
« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ *Е. А. Досаев*

2015 жыл 18 наурыз

Порттың міндетті көрсететін қызметтерінің тізбесі

Кеменің кейіннен порттан шыға отырып, жүк операцияларын жүргізуге және (немесе) өзге де мақсаттарда портқа кіруі үшін көрсетілетін қызметтер (кеменің кіруі):

1) корабельдік - кеменің портқа кіруін және одан шығуын ұсыну;
2) айлақтық - кемелерге айлақтарда жүк және көмекші операциялар үшін тұрақтар ұсыну;

3) зәкірлік - ішкі рейдте немесе рейттік айлақта кеме тұрағын ұсыну;
4) арқандап байлау - кеменің арқандап байлау ұштарын тарату, айлақтан жылжу, кемелерді көшіру және қайта арқандап байлау, тіркеп сүйрегіштер жұмысы;

5) табиғат қорғау іс-шаралары саласында - портта тұрған уақытта болған ластанудың (балластық сулардан басқа) барлық түрлерін кемеден қандай да бір шектеусіз қабылдау;

6) карантиндік - порттың мыналарды: карантиндік жұқпалы аурумен ауыратындарды және жұқпалы ауру таратушы болуы мүмкін адамдарды уақытша оқшаулау үшін үй-жай ұсынуды; порт аумағы мен объектілерін тиісті санитарлық жай-күйде ұстауды; көлік кемелерінде, порт объектілерінде кеміргіштер мен жәндіктерді алдын ала жоюды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтері.